**Шетелдік кредиторлардың алдындағы берешектердің проблемасын шешу жөніндегі кейбір шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 1 шілде N 913

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілерінің шетелдік кредиторлардың алдындағы берешектері проблемасын шешу жөніндегі ұсыныстарды пысықтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1.

2.

3.

4.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.10.12. N 1548 қаулысымен. P991548_

ЕСКЕРТУ. 1,2,3,4-тармақтардың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.12.28. N 2005 қаулысымен. P992005_

5. Қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың штат санының лимитін қысқартудың есебінен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі штат санының лимиті 10 адамға көбейтілсін.

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

бір апта мерзімде Министрліктің құрылымында штат саны 10 адам қазақстандық кәсіпорындардың (ұйымдардың) шетелдік кредиторлардың алдындағы берешектері проблемаларын қарау жөнінде бөлімше құрсын;

бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын

қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 1 шілдедегі

N 913 қаулысына қосымша

Штат санының лимиті қысқаратын және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне берілетін мемлекеттік органдардың
Тізбесі

| Мемлекеттік органдардың атауы | Қысқаратын саны |
| --- | --- |
| Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі | 1 |
| Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі | 1 |
| Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі | 1 |
| Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі | 1 |
| Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі | 1 |
| Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі | 1 |
| Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі | 1 |
| Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі | 1 |
| Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі | 1 |
| Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі | 1 |
| Барлығы: | 10 |

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК